

## Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы азаматтарының өзара визасыз сапарлары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 23 мамырдағы N 494 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Президенті мен Ресей Федерациясы Президентінің 2005 жылғы 24 мамырдағы бірлескен мәлімдемесіне және Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2000 жылғы 30 қарашадағы Азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімнің 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. 2005 жылғы 24 мамырдан кейін 2005 жылғы 24 наурызда Астана қаласында қол қойылған Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2000 жылғы 30 қарашадағы Азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге Хаттамада көзделген құжаттар бойынша, сондай-ақ жеке куәліктер (ішкі паспорттар) және балалар (16 жасқа толмаған Қазақстан Республикасының азаматтары, 14 жасқа толмаған Ресей Федерациясының азаматтары) үшін туу туралы куәліктер бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы азаматтарының қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы арқылы өзара визасыз сапарлары режимін уақытша қолдануды қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі осы қаулының 1-тармағында көрсетілген құжаттар бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясының азаматтарын өткізуді уақытша жүзеге асырсын.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі Беларусь Республикасының Үкіметі, Қазақстан Республикасының Үкіметі, Қырғыз Республикасының Үкіметі, Ресей Федерациясының Үкіметі және Тәжікстан Республикасының Үкіметі арасындағы 2000 жылғы 30 қарашадағы Азаматтардың өзара визасыз сапарлары туралы келісімге қатысушы мемлекеттерді осы қаулының 1-тармағында аталған құжаттар бойынша Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы азаматтарының қазақстан-ресей мемлекеттік шекарасы арқылы сапарларының режимі туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК